

Білім ордасы

Шығыстың атақты философы Әбу Насыр Әл-Фарабидің есімімен аталған Қазақ Ұлттық Университеті Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орны болып табылады.

Университет міндеті – еліміздің қоғамдық өмірі мен ғылымына, экономиканың маңызды бағыттарының қарқынды даму мәселелеріне шешуге бағытталған заманауи, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар буынын қалыптастыру.

Қала ішіндегі «ҚазГУ қалашығы» деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі үлкен ауқымды «әл-Фараби» кітапханасы, спорт кешені, жаңа ғимараттар, студенттер үйі, медициналық орталық және студенттерге қызмет көрсету орталығы студенттер игілігі үшін жұмыс жасауда.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының I-курс студентімін. Ұлтымыздың М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлаң, М.Ғабдуллин сияқты ұлы тұлғалары негізін қалаған факультетіміздің тарихы, дәстүрі ұланғайыр. 1938 жылдан бастап факультетте қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылған болатын. 80

жылдан астам тарихы бар бұл мамандық бойынша, биылғы оқу жылы аралас тілде оқытатын арнайы топ ашылды. Бұл, Елбасымыз ұсынған «Үш тұғырлы тіл» саясатының жарқын көрінісі. Соған сәйкес, пәндер де қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өтуде. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін, бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Сондықтан да, мен қазақтың белгілі ақын-жазушылары, қоғам қайраткерлері тәлім алып шыққан факультетке түскеніме мақтанамын.

ҚазҰУ – бұл талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған, сыйластық пен шынайы достық, адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін білім ордасы. ҚазҰУ-дың студенті атану – үлкен бақыт, зор мәртебе.

Филология ғылымдарының докторы, доцент
Г.Ж.БОЛАТОВА
жетекшілігімен Айза
БҮРКІТБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
дың 1 курс студенті.